

**Республикалық адвокаттар
алқасының
Төралқасының
2023 жылғы 30 қаңтардағы
шешімімен
бекітілген**

*Республикалық адвокаттар алқасының
Төралқасының 2023 жылғы 31 шілдедегі
шешімімен бекітілген
өзгерістер мен толықтырулармен*

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға
(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
туралы адвокаттардың қызметінің ерекшелігі мен ерекшіліктерін ескере
отырып, адвокаттарға арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Әдістемелік ұсынымдар адвокаттардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ) қажетті іс-әрекеттер туралы ақпараттандыру үшін әзірленген.

Жалпы ұсынымдар

Адвокаттық қызмет барысында КЖ/ТҚҚ талаптарын орындау үшін адвокат келесі әрекеттерді орындауы қажет:

1. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы 2023 жылғы 24 шілдеде бекіткен Ішкі бақылау қағидаларын негізге ала отырып, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларын (бұдан әрі - ІБҚ) бекіту (<https://advokatura.kz/ru/dokumenty/dokumenty-kollegii>);
2. КЖ/ТҚҚ саласында ІБҚ-на енгізілген бағдарлама бойынша оқытуды өту;
3. Құқықтық көмек көрсету кезінде ІБҚ-ның ережелерін басшылыққа алу және оларға енгізілген ішкі бақылау бағдарламаларын сақтау;
4. Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін уәкілетті органның интернет-ресурсында қадағалау (<https://websfm.kz/fatf>);
5. Уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланған террористтік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізімін, терроризмді

- және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін қадағалау (<https://websfm.kz/terrorism>);
6. Уәкілетті органның интернет-ресурсында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларын, схемалары мен әдістерін зерделеу (<https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/documents/1?lang=ru&type=128>);
 7. ҚЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау есептерінде жарияланған ақпаратты ескеру; (<https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/article/details/61029?directionId=791&lang=ru>);
 8. ҚЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін ІБҚ тәуекелдерді басқару бағдарламасына сәйкес бағалау;
 9. ҚЖ/ТҚҚ заңы мен ІБҚ-ның клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасының тәртібі бойынша клиенттерді сәйкестендіру.

Адвокат ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда көзделген операцияларға қатысқан жағдайдағы қосымша ұсынымдар

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, адвокат, қаржы мониторингінің субъектісі болып:

- 1) жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;
- 2) клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;
- 3) банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;
- 4) компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;
- 5) заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты адвокат клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда бола алады.

ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңның әрекет ету кезеңінде адвокаттардың аталған операцияларды орындау фактілері тіркелмеген.

Жоғарыда аталған операцияларға қатысқан жағдайда, адвокат жоғарыда жазылған әрекеттерден басқа келесі әрекеттерді орындауға міндетті:

1. СФМ Порталында тіркелуге (<https://websfm.kz>) және СФМ Порталының пайдаланушы нұсқаулығын пайдалануға (<https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/article/details/112231?lang=ru>);
2. ІБҚ-да белгіленген тәртіпке сәйкес клиенттің досьесін қалыптастыру, мәліметтерді тіркеу, ақпарат пен құжаттарды сақтауға;
3. ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңы, сонымен қатар Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы

- мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 13 бұйрығында белгіленген шарттар мен белгілер болса, клиенттік операцияларды тексеруге және транзакцияларды күдікті деп тануға (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026924>);
4. Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы бұйрығына сәйкес, ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІБҚ-да көзделген жағдайларда, уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалған операциялар туралы мәліметтерді жіберуге;
 5. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІБҚ-да көзделген жағдайларда, уәкілетті органның талабы бойынша ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды беруге;
 6. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңына және ІБҚ-на сәйкес клиенттерді (олардың өкілдерін) тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдауға;
 7. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІБҚ көзделген жағдайларда ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қоюға қатысты шаралар қолдануға және уәкілетті органға операцияларды тоқтатып қоюға қатысты шаралар туралы ақпаратты беруге;
 8. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІБҚ көзделген жағдайларда клиенттермен іскерлік қарым-қатынас орнатудан, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасаудан бас тартуға;
 9. Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 23 ақпандағы № 14 бұйрығына сәйкес кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді ұсынуға (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026925>);
 10. Клиенттерді ІБҚ-на сәйкес санаттары мен тәуекел факторлары бойынша жіктеуге;
 11. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІБҚ көзделген жағдайларда уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен іскерлік қатынастарды орнатудан және мәмілелерді жасаудан бас тарту туралы мәліметтерді жіберуге;
 12. Өз клиенттері мен басқа тұлғаларға қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақпарат бергені жайлы хабарламауға.

2-тарау. КҮДІКТІ БЕЛГІЛЕР

Клиенттерге, қаражат көздеріне, адвокаттар пен олардың клиенттері арасындағы келісімдердің сипатына қатысты күдікті белгілер халықаралық тәжірибе негізінде анықталады.

Қатысу сипаты мен дәрежесіне қарамастан, күдікті белгілер жиі бірдей болып тобылады және адвокаттарға пайдалы болуы мүмкін.

Клиенттерге қатысты күдікті белгілер

1-күдікті белгі: Клиенттің мына ақпаратқа қатысты тым жасырын немесе жалтар болуы

Ол (клиент) кім;

- Бенефициар иесі кім;
- Ақша қайдан пайда болды;
- Неліктен операция (мәміле) осы жолмен жүзеге асырылады;
- Жалпы сипаттама/ жағдай қандай.

2-күдікті белгі: Клиент:

- Дәлелді негізсіз агентті немесе делдалды пайдаланады;
- Дәлелді негізсіз жеке қарым-қатынастардан аулақ болады және жалтарады;

- Операцияны (мәмілені) ресімдеу және жасау үшін әдетте талап етілетін ақпаратты, деректер мен құжаттарды беруді қаламайды немесе беруден бас тартады;

- Жария лауазымды адам болған немесе болып табылады (немесе оның жұбайы және жақын туыстары), немесе мемлекеттік лауазымды атқарған не атқаратын адам (жоғары деңгейдегі саяси немесе кәсіби лауазым), немесе мұндай тұлғамен кәсіби не отбасылық байланыстары бар және операциялардың жиілігі мен сипатын ескере отырып, әдеттен тыс жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысады;

- Жалған немесе жасанды құжаттарды ұсынады;

- Терроризмді қаржыландыруға қатысы бар немесе террористік әрекетке қатысы бар тұлға немесе күдікті ретінде тізімге енгізілген тұлға немесе оның сыбайласы болып табылады.

3-күдікті белгі: Тараптар/қатысушылар:

- Тараптар немесе олардың өкілдері (*тиісті болған жағдайда, заңды тұлғаның меншік схемасындағы бенефициарлық меншік иелері немесе делдал компаниялар*) тәуекелі жоғары елдердің азаматтары, тұрақты тұратын тұрғындары немесе сонда құрылған болып табылады.;

- Операцияның (мәміленің) тараптары/ қатысушылары айқын коммерциялық негіздерсіз өзара байланысы бар болса;

- Тараптар арасындағы операцияның (мәміленің) шынайы сипатына немесе себебіне күмән тудыратын отбасылық, іскерлік, корпоративтік немесе өзге қатынастар;

- Бір тараптардың/тұлғалардың қысқа мерзім ішінде операцияларға

(мәмілелерге) бірнеше рет қатысуы;

- Операцияға (мәмілеге) қатысушылардың әдеттен тыс жасы, әсіресе егер олар кәметке толмаған болса, немесе қатысушылар әрекетке қабілетсіз болса немесе олардың операцияға (мәмілеге) қатысуының логикалық түсіндірмесі болмаса;

- Нағыз меншік иесінің немесе операцияға (мәмілеге) қатысушылардың жеке басын жасыру әрекеті;

- Операцияны (операцияны) жүзеге асыруды нақты басқаратын тұлға операцияның (мәміленің) ресми тарапы немесе оның өкілі болып табылмайды;

- Директор немесе өкіл ретінде әрекет ететін жеке тұлға мұны істеуге лайықты адам болып көрінбейді.

Қаражат көзіне қатысты күдікті белгілер

4-күдікті белгі: Пропорционалды емес ірі көлемдегі жеке қаражатты, чектерді немесе қолма-қол ақшаны операцияға (мәмілеге) тарту, әсіресе бұл жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына немесе компанияның экономикалық жағдайына сәйкес келмесе.

5-күдікті белгі: Клиенттің немесе үшінші тұлғаның қаражатты тікелей пайдаланудың орнына, ешқандай қисынды түсіндірмесіз оны заемшы/ несие алушы ұсынатын қамтамасыз ету/ кепіл ретінде қолма-қол ақшаның қомақты самасын салуы.

6-күдікті белгі: Қаражаттың ерекше көзі:

- Үшінші тараптың операцияны (мәмілені) қаржыландыру немесе операцияға (мәмілеге) байланысты қаламақыларды/ салықтарды төлеу үшін қаражатты айқын байланыссыз немесе логикалық түсіндірмесіз беру;

- Шет елден ақша алу немесе сол ел мен клиент арасында айқын байланыссыз ақша аудару;

- Тәуекел деңгейі жоғары елдерден қаражат алу немесе қаражатты аудару.

7-күдікті белгі: Клиенттің бірнеше банктік шоттарды немесе шетелдегі шоттарын дәлелді себептерсіз пайдалануы.

8-күдікті белгі: Жеке тұлғаның жеке шығындарын компанияның, бизнестің немесе үкіметтің қаржыландыруы.

9-күдікті белгі: Юрисдикцияда әдетте төлем тәсілі шартта көрсетілетін операцияны (мәмілені) нотариальды ресімдеу күніне дейін логикалық түсіндірмесіз төлем тәсілінің таңдауын кейінге қалдыру, әсіресе мұндай төлемге кепілдік берілмесе.

10-күдікті белгі: Ерекше қысқа өтеу/қайтару мерзімі логикалық түсіндірмесіз белгіленді.

11-күдікті белгі: Кепілхат/ кепілдік бойынша берілген несие төлемдерін мерзімінен бұрын бірнеше рет төлеу.

12-күдікті белгі: Қолма-қол ақшаға активтерді сатып алу және кейіннен мұндай активтерді несие/қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде жылдам пайдалану.

13-күдікті белгі: Алдын ала белгіленген төлем тәртібін локикалық түсіндірмесіз өзгертуді сұрау, әсіресе сұралған операцияны (мәмілені) орындау үшін әдетте пайдаланылмайтын төлем құралдарын пайдалану ұсынылса. Мысалы, есірткі заттарын сатудан немесе экстремистік және террористік әрекеттерді қаржыландырудан алынған кірістерді заңдастыру кезінде биткоин биржалары немесе онлайн қолма-қол ақшаны шығару платформалары арқылы «жүргізу» барған сайын қолданылуда. Бұл ретте криптовалюта айырбастау криптовалюта биржасында сауда жасау желеуімен жүзеге асуы мүмкін.

14-күдікті белгі: Несие беруші ретінде несиелік ұйым болып табылмайтын жеке немесе заңды тұлғаның логикалық түсіндірмесіз немесе экономикалық негіздемесіз ақшалай қаражат беруі.

15-күдікті белгі: Операция (мәміле) үшін берілген қамтамасыз ету тәуекелі жоғары елде орналасқан.

16-күдікті белгі: Жаңадан құрылған компанияның капиталының айтарлықтай ұлғаюы немесе логикалық түсіндірмесіз қысқа мерзім ішінде мұндай компанияға бірнеше рет қаражат салу.

17-күдікті белгі: Компания капиталының компанияға қатысы жоқ немесе тәуекелі жоғары сырт елден келген салымдар есебінен ұлғаюу.

18-күдікті белгі: Компанияның кәсіптік ауқымымен немесе көлемінен сәйкес келмейтін, компанияның нарықтық құнынан айтарлықтай асатын және оларға сәйкес келмейтін компания капиталына немесе материалдық активтеріне логикалық түсіндірмесіз салым.

19-күдікті белгі: Бағалы қағазарды бағаның өсу/ төмендеу мән-жайларын (мысалы, кірістің, сауданың немесе бизнестің ауқымын, көлемін, мәлімделген жүйелі шығындар немесе түсімдерді білу) немесе басқа (ұқсас) операцияда мәлімделген соманы ескере отырып айтарлықтай төмен немесе жоғары бағамен беру.

20-күдікті белгі: Ірі қаржылық операцияларды (мәмілелерді) жасау. Әсіресе жаңадан құрылған компаниялардың өтініші бойынша, мұндай операциялар компанияның жарияланған мақсаттары, клиенттің қызметі немесе компанияның ықтимал тобы тұрғысынан негізсіз болған жағдайларда, немесе басқа да негізді себептерсіз жасау.

21-күдікті белгі: Капиталдың немесе материалдық активтердің шығу тегі туралы логикалық түсіндірмесіз жылжымайтын мүлікті, өнер туындыларын, сәнді заттарды және т. б. сатып алу.

22-күдікті белгі: Мүлікті иеліктен шығару бойынша мәмілелерді, мұндай мәмілелерде нақты есеп айырысулар немесе экономикалық орындылық болмаған жағдайда жасау.

Адвокат таңдауға қатысты күдікті белгілер

23-күдікті белгі: Клиенттен немесе операция (мәміле) жасалған жерден айтарлықтай қашықтықта орналасқан адвокатқа дәлелді немесе экономикалық негізсіз нұсқаулар/өкімдер беру.

24-күдікті белгі: Күрделі немесе өте ірі операцияларды (мәмілелерді) жүзеге асыру кезінде тиісті мамандығы жоқ немесе қызмет көрсету тәжірибесі жоқ адвокатқа нұсқаулар/өкімдер беру.

25-күдікті белгі: Клиенттің, жеткілікті негіздерсіз, қызмет үшін әдеттегі төлеммен салыстырғанда әлдеқайда жоғары қаламақы төлеуге дайын болуы.

26-күдікті белгі: Клиенттің жеткілікті негіздерсіз қысқа уақыт ішінде адвокаттарды бірнеше рет ауыстыруы немесе бірнеше адвокаттардың қызметтерін пайдалануы.

Адвокат пен клиенттің арасындағы келісімнің сипатына (нысанасына) қатысты күдікті белгілер

28-күдікті белгі: Операцияның (мәміленің) ерекшелігі. Мысалы:

- Орындалатын операцияның (операцияның) түрі оны жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаның көлеміне, жасына немесе қызметіне анық сәйкес келмейді;

- Операциялар (мәмілелер) олардың көлеміне, сипатына, жиілігіне немесе жүзеге асыру әдісіне байланысты әдеттен тыс болып табылады;

- Нақты құнның шамамен деректерін табуға болатын кез келген анықтамалық материалға сәйкес немесе кәсіби заңгердің бағалауы бойынша жарияланған баға мен нақты құн арасында анық және үлкен сәйкессіздіктердің болуы;

- Мәлімделген қызметке сәйкес келмейтін немесе мұндай ұйым үшін әдеттен тыс мақсаттарда коммерциялық емес ұйымға операцияға қатысты қызмет көрсету өтінішімен жүгіну.

29-күдікті белгі: Клиент:

- Өзінің әдеттегі кәсіптік немесе коммерциялық қызметіне сәйкес келмейтін операцияларға (мәмілелерге) қатысады;

- Өзі жүгініп отырған кәсіби қызметтердің сипаты, пәні және мақсатына қатысты тиісті білімінің жоқтығын көрсетеді;

- Мақсаттарының сипаттамасы күмәнді, немесе мақсаттарының сипаттамасы кәдімгі кәсіптік немесе коммерциялық қызметке қатысы жоқ, немесе мақсаттарының сипаттамасы лицензия алу талап етеді ал клиенттің мұндай лицензияны алуға анық ниеті жоқ болатын жағдайларда заңды тұлғаны құрғысы немесе өзіне қосқысы келеді;

- Компанияның ұйымдық-құқықтық нысанын және/немесе басқармасын жиі өзгертеді;

- Түсіндірме бермей процедураны жеңілдету және операцияны (мәмілені) мүмкіндігінше тезірек аяқтауды сұрайды;

- Өзі мен құқықтық маман арасындағы келісімнің нәтижесіне анық қызығушылық танытпайды;

- Банк қызметтерін алу үшін өзін қаржы институттарына ұсынуды сұрайды.

30-күдікті белгі: Дәлелді немесе экономикалық негіздерсіз иелену мен меншіктің күрделі схемаларын құру.

31-күдікті белгі: Клиентке немесе операцияға анық қатынасы жоқ не басқа дәлелді немесе экономикалық негіздемелерсіз бірнеше елдерде орналасқан құрылымдардың (заңды тұлғалардың) операцияға (мәмілеге) қатысуы.

32-күдікті белгі: Қандай да бір логикалық түсіндірмесіз ортақ элементтері (*дәл сол бір немесе бірнеше серіктестер немесе акционерлер, директорлар, тіркелген мекенжайлар, шаруашылық мақсаттары*) бар бірнеше компаниялардың, кәсіпорындардың немесе заңды тұлғалардың акцияларын немесе бағалы қағаздарын қысқа мерзімде жасау және/немесе сатып алу.

33-күдікті белгі: Клиенттің оқиғасын, яғни оның бұрынғы операцияларын (мәмілелерін) немесе компанияның қызметін растайтын құжаттардың болмауы.

34-күдікті белгі: Қандай да бір логикалық түсіндірмесіз қысқа мерзімде жүзеге асырылған бірнеше операцияларда (мәмілелерде) бірқатар жалпы элементтердің болуы.

35-күдікті белгі: Жылжымайтын мүлікті қайта сату (немесе тізбекті сату) құны немесе сатып алу бағасы тез өсетін операциялар.

36-күдікті белгі: Қаламақыны төлеу немесе ақшаны кейіннен алу туралы операцияларды алаңдамай үзу.

37-күдікті белгі: Өкімдер/нұсқаулардағы түсініксіз өзгерістер, әсіресе соңғы сәтте.

38-күдікті белгі: Адвокат арасындағы келісімнің мәні тек қана құжаттаманы немесе өзге де заттарды сақтау, депозитке салынған ақшаны сақтау немесе клиенттік шотты заңгерлік қызмет көрсетусіз өзге де пайдалану болып табылады.

39-күдікті белгі: Операцияны (мәмілені) жүзеге асыру үшін ақылға қонымды коммерциялық/ қаржылық/ салықтық немесе заңды себептердің болмауы.

40-күдікті белгі: Салықтар немесе қаламақылардың анық қажетсіз өсуіне әкеліп соғатын операцияның (мәміленің) немесе оны жүзеге асыру үшін пайдаланылатын құрылымдардың (заңды тұлғалардың) шамадан тыс күрделілігі.

41-күдікті белгі: Сенімхатты ресімдеу әдеттен тыс жағдайларда немесе логикалық түсіндірмесіз активтерді басқару немесе билік ету үшін қажет.

42-күдікті белгі: Жылжымайтын мүлікке ондай мүліктің орналасқан жеріне ешқандай байланыссыз салымдар немесе/ және салған салымдардан ешқандай қаржылық пайда түспейтін салымдар салу.

43-күдікті белгі: Жалданған адвокаттың, заң консультантының немесе басқа тәуелсіз заң маманының қатысуынсыз немесе мүлдем қатыспастан талапты өте қарапайым немесе жылдам реттеу.

44-күдікті белгі: Үшінші тұлғаларға төлем жасау туралы негізделген себептерсіз немесе тиісті операцияны (мәмілені) орындамастан сұраулар

3-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ

Адвокаттарға ҚЖ/ТҚҚ саласындағы талаптар адвокаттардың өздері үшін қажет, яғни қандай жолмен қылмыскерлер заң көмегін ақшаны жылыстату және

терроризмді қаржыландыру мақсатында теріс пайдалануы мүмкін екенін жақсырақ түсіну үшін.

Ұсынымдарда келтірілген **күдікті белгілер адвокаттар үшін** кәсіби міндеттерін орындау кезінде **пайдалы болуы мүмкін.**